



БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ



[@UNICEFKazakhstan/2016](#)

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫ: БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚА

Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқықтары туралы конвенциясы - балалардың құқықтарын қорғауға өзіне міндеттеме алған елдерде ратификацияланған маңызды келісім.

Бала құқықтары туралы конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Барлық құқықтар өзара байланысты, олардың барлығы да бірдей маңызды және де балалардан тартып алынбауы тиіс.



1-бап. «Бала» ұғымына анықтама

18 жасқа толмаған әрбір адам бала болып табылады.



2-бап. Кемсітушілікті болдырмау

Барлық балалар олар кім болса да, қайда тұрса да, қай тілде сөйлесе де, діні қандай болса да, не ойласа да, сыртқы түрі қандай, ұл немесе қыз, мүгедектігі бар ма, бай немесе кедей ме, ата-аналары мен отбасы кім болса да, неге сенсе де және не істесе де оларға берілген барлық құқықтарға бірдей ие. Ешбір балаға қандай да бір себептермен әділетсіз қарауға болмайды.



3-бап. Баланың мүдделерін қорғау

Шешімдерді қабылдау барысында үкімет ол шешімдер балаларға қалай әсер ететінін ойлауы керек. Барлық ересектер балалар үшін ең жақсы шешім қабылдау керек. Мемлекет балалар отбасыларымен немесе керек жағдайда басқа адамдардың қорғауында болып, қажетті күтімін алып жатқандығына көз жеткізу керек. Мемле-

кет балаларға қарайтын адамдар мен мекемелер жақсы жұмыс істейтініне сенімді болу керек.

4-бап. Құқықтарды іске асыру



Үкімет елдегі әрбір баланың Конвенцияда бекітілген құқықтарды пайдалана алуы үшін барлық жағдайды жасауы қажет.

5-бап. Баланың есею барысындағы отбасының жетекші рөлі



Үкімет отбасылар мен қауымдастықтарға балаларына жетекшілік етуге мүмкіндік беруі керек, осылайша балалар есею барысында өз құқықтарын тиімді пайдалану мен жүзеге асыруды үйрене алады. Балалар неғұрлым есейген сайын басқалардың жетекшілігін соғырлым қажет етпейтін болады.

6-бап. Өмір сүру, аман болу және даму құқығы



Әрбір баланың өмір сүруге құқығы бар. Үкімет балалардың аман қалуын және дамуын барынша қамтамасыз етеді.



7-бап. Аты-жөні мен азаматтығы

Баланың дүниеге келген сәттен бастап тіркеуге алынып, мемлекет мойындайтын есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы бар. Бала мүмкіндігінше өзінің ата-анасын білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы.



8-бап. Даралықты сақтау

Балалардың өз даралығын сақтау құқығы құрметтелуі тиіс, оның ішіне есімі, азаматтығы және отбасылық байланыстары кіреді. Мұны олардан ешкім тартып алмауы керек, бірақ осындай жағдай орын алса, үкімет балаларға олардың даралығын барынша тез қалпына келтіруге көмектесуі керек.



9-бап. Отбасы тұтастығын сақтау

Балалар ата-анасынан тиісті ата-ана күтімін алмаған жағдайларды қоспағанда, мысалы, ата-ана балаға қатыгездік көрсеткен немесе оған қамқорлық жасамаған жағдайларды қоспағанда,

ата-аналарынан бөлінбеуі керек. Ата-анасы бөлек тұратын балалар, бұл балаға зиян тигізуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, екі ата-анасымен де тікелей байланыста болуы керек.



10-бап. Басқа елде тұрып жатқан ата-анамен қарым-қатынас

Егер бала мен оның ата-анасы әртүрлі елдерде тұратын болса, үкімет бала мен оның ата-анасына қарым-қатынастарын жалғастыруы үшін елдер арасындағы шекараларды өтіп тұру құқығын беруі керек.



11-бап. Ұрлаудан қорғау

Үкімет балалардың елден заңсыз түрде алып кетілуіне тыйым салуы тиіс. Мысалы, баланы ұрлауға және бір ата-анасы қарсы болған жағдайда екінші ата-анасымен шекара асуға болмайды.



12-бап. Баланың көзқарасын құрметтеу

Бала өзіне қатысты барлық мә-



селелер бойынша көзқарасын еркін білдіруге құқылы. Үлкендер балалардың пікіріне құлақ асулары қажет.

13-бап. Ой-пікірді еркін білдіру

Балалар өз ойлары мен сезімдерін ауызша, жазбаша, сурет салу арқылы және басқа да тәсілдермен, басқа адамдарға зиян тигізбеген жағдайда, еркін бөлісуге құқылы.



14-бап. Ой және дін бостандығы

Балалардың өз ой, пікір және дін бостандығына құқығы бар, бірақ бұл басқа адамдардың құқықтарын жүзеге асыруға кедергі болмауы керек. Ата-аналар балаларына есейген сайын осы құқықты дұрыс пайдалануды үйренуі үшін бағыт-бағдар бере алады.



15-бап. Қауымдастық еркіндігі

Балалар өзі қалаған топтарға және ұйымдарға қосылуға немесе құруға құқылы, тек бұл басқа адамдарға зиянын келтірмеуі керек.



16-бап. Жеке өмір құқығын қорғау

Әрбір бала жеке өмірге құқылы. Заң балалардың жеке және отбасылық өмірін, үйін, байланысын және беделін (немесе жақсы атын) кез келген қол сұғушылықтан қорғауы тиіс.



17-бап. Ақпаратқа қолжетімділік

Балалар интернеттен, радиодан, теледидардан, газеттерден, кітаптардан және басқа көздерден ақпарат алуға құқылы. Ересектер балалар алатын ақпараттың зиянды емес екеніне көз жеткізуі керек. Үкімет бұқаралық ақпарат құралдарын барлық балаларға түсінікті тілде және әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат таратуға шақыруы керек.



18-бап. Ата-ананың жауапкершілігі


Ата-аналар бала тәрбиесіне жауапты басты адамдар. Баланың ата-анасы болмаған кезде, бұл жауапкершілік басқа ересек адамға жүктеледі және ол “қамқоршы”

деп аталады. Ата-аналар мен қамқоршылар әрқашан бұл бала үшін не жақсы екенін ойлауы керек. Үкімет оларға көмектесуі керек. Егер баланың ата-анасының екеуі де болса, екеуі бірдей баланы тәрбиелеуге жауапты болуы керек.



19-бап. Зорлық-зомбылықтан қорғау

Үкімет баланы ата-аналардың немесе басқа адамдардың зорлық-зомбылығынан, қорлауынан және қараусыз қалуынан қорғауы керек.



20-бап. Отбасылық ортадан айырылған балалар

Өз отбасының күтімінен айырылған әрбір бала оның дінін, мәдениетін, тілін және өмірінің басқа аспектілерін құрметтейтін адамдардан тиісті күтім алуға құқылы.



21-бап. Асырап алынған балалар

Балаларды асырап алуда балалардың мүдделерін қамтамасыз ету



өте маңызды. Егер бала өз елінде, мысалы, басқа отбасында тиісті күтімді ала алмайтын болса, ол басқа елде асырап алынуы мүмкін.

22-бап. Босқын балалар

Қауіп-қатерге байланысты өз елін тастап, басқа елге босқын ретінде көшуге мәжбүр болған балалар сол елде туған балалармен бірдей көмек пен қорғауға ие болуға тиіс.




23-бап. Мүгедектігі бар балалар

Мүгедектігі бар әрбір бала қоғамда барынша лайықты өмір сүруге құқылы. Үкімет мүгедектігі бар балалардың тәуелсіз болуына және қоғамға белсенді қатысуына кедергі келтіретін барлық кедергілерді жоюы керек.



24-бап. Денсаулық, су, тамақ, қоршаған орта


Балалар ең жақсы медициналық қызметке, таза ауыз суға, пайдалы тағамға және өмір сүру үшін таза және қауіпсіз ортаға құқылы. Барлық ересектер мен балалар



қауіпсіздік пен денсаулықты қалай сақтауға болатыны туралы ақпаратқа ие болуы тиіс.

25-бап. Баланың тұрмыстық жағдайын бақылау

Үйден тыс жерге орналастырылған әрбір бала күтім, қорғаныс немесе денсаулық сақтау жағынан бәрі жақсы болып жатқанына және бұл әлі де бала үшін ең жақсы орын екеніне көз жеткізу үшін үнемі тексеруден өтуі керек.



26-бап. Әлеуметтік және материалдық қамсыздандыру

Үкімет жағдайы нашар отбасылардағы балаларға ақшалай немесе басқа түрде көмектесуі керек.



27-бап. Тамақ, киім және қауіпсіз баспана

Балалар өздерінің толыққанды дамуы үшін тамаққа, киімге және қауіпсіз тұрғын жайға құқығы бар. Үкімет бұл құқықты жүзеге асыруға мүмкіндіктері жоқ отбасылар мен балаларға көмектесуі тиіс.



28-бап. Білім алуға қолжетімділік

Әрбір бала білім алуға құқылы. Бастауыш мектепте білім алу тегін болуы тиіс. Орта және жоғары білім әрбір бала үшін қолжетімді болуы керек. Балаларды мектепке мүмкіндігінше жоғары деңгейге дейін баруға ынталандыру керек. Мектептердегі тәртіп балалардың құқықтарын құрметтеуі керек және ешқашан зорлық-зомбылыққа жол бермеуі керек.



29-бап. Білім алудың мақсаттары

Білім алу баланың жеке тұлғасын, таланттары мен қабілетін ашып, оларды дамытуға көмек көрсетуі керек. Бұл балаларға өз құқықтарын түсінуге, ата-аналарын құрметтеуге, сонымен қатар басқалардың құқықтарын, мәдениеті мен өзгеше ерекшеліктерін құрметтеуге ықпал етуі тиіс. Білім алу оларға бейбіт өмір сүруге және қоршаған ортаны қорғауға көмектесуі керек.

30



АЗ ҰЛТТАР МЕН
БАЙЫРҒЫ
ХАЛЫҚТАРДЫҢ
МӘДЕНИЕТІ,
ТІЛІ ЖӘНЕ ДІНІ

30-бап. Аз ұлттар мен байырғы халықтардың мәдениеті, тілі және діні

Балалар өздерінің ана тілінде сөйлеуге, мәдениетін және дінін ұстануға құқылы тіпті олар тұратын елдегі адамдардың көпшілігі бұл тілде сөйлеспей, мәдениеті мен діні басқа болса да.

31



БОС УАҚЫТ,
ОЙЫНДАР
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР

31-бап. Бос уақыт, ойындар, мәдениет және өнер

Әрбір баланың демалуға, ойнауға, сондай-ақ мәдени және шығармашылық іс-шараларға қатысуға құқығы бар.

32



ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК
ЖАҒДАЙЫНАН
ҚОРҒАУ

32-бап. Зиянды еңбек жағдайынан қорғау

Балалардың біліміне, денсаулығына немесе дамуына қауіпті немесе зиянды жұмыстарды орындаудан қорғалуға құқығы бар. Егер балалар жұмыс істесе, олар қауіпсіз жағдайда жұмыс жасап, әділ төлем алуға құқылы.



33-бап. Зиянды заттардан қорғау

Үкімет балаларды зиянды есірткіні тұтынудан, өндіруден, тасымалдаудан немесе сатудан қорғауы керек.



34-бап. Жыныстық қанаудан қорғау

Үкімет балаларды жыныстық қанаудан және жыныстық зорлық-зомбылықтан, соның ішінде балаларды ақша үшін жыныстық қатынасқа мәжбүрлейтін немесе сексуалдық мазмұндағы фотосуреттер немесе бейнелер шығаруға қатысатын адамдардан қорғауға міндетті.



35-бап. Сату мен саудалау жағдайларын алдын алу

Үкіметтер балаларды ұрлау немесе жоғалту, басқа елдерге немесе балалар қанауға ұшырайтын жерлерге контрабанда жасау жағдайларын болдырмау үшін шаралар қабылдауы керек.

36

ҚАНАУДАН
ҚОРҒАУ

36-бап. Қанаудан қорғау

Балалар, егер олар осы Конвенцияда нақты аталмаса да, қанаудың барлық басқа түрлерінен қорғалуға құқылы.

37

БОСТАНДЫҒЫНАН
АЙЫРЫЛҒАН
БАЛАЛАР

37-бап. Бас бостандығынан айырылған балалар


Заңды бұзды деп айыпталған балаларға өлім жазасы, азаптау, қатыгездік, өмір бойына бас бостандығынан айыру, ересектермен бірге түрмеге отырғызу сияқты жазалар қолданылмауы керек. Бас бостандығынан айыру тек ақырғы шара ретінде және мүмкіндігінше қысқа мерзімде қолданылады. Бас бостандығынан айырылған балалар құқықтық қорғауға жүгінуге және отбасымен байланыста болуға құқылы.

38

ҚАРУЛЫ
ҚАҚТЫҒЫС
КЕЗІНДЕГІ
ҚОРҒАНЫС

38-бап. Қарулы қақтығыс кезіндегі қорғаныс

Әскери қақтығыс кезінде балалар қорғалуға құқылы. 15 жасқа толмаған балаларға әскерге баруға, соғысқа қатысуға рұқсат етілмейді.



39-бап. Қалпына келу және реинтеграция

Қатыгездіктен, қанаудан немесе қарулы қақтығыстан зардап шеккен балалар көмек алуға, денсаулығын қайта жақсартуға және қадір-қасиетін қалпына келтіруге құқылы.



40-бап. Заңды бұзған балалар

Заңды бұзған балалар қажетті көмекке жүгінуге және оларға әділетті түрде қарауға құқығы бар. Оларға қоғамның жақсы азаматы болуға қажетті көмек көрсетілуі тиіс. Оларды бас бостандығынан айыру тек ақырғы шара ретінде қолданылуы керек.




41-бап. Балаларға мейірімді заңдар

Егер елдің заңнамасы балалардың құқықтарын осы Конвенцияға қарағанда жақсырақ қорғайтын болса, онда сол елдің заңнамасы бірінші кезекте қолданылуы қажет.



42-бап. Бала құқықтарын әрбір адам білуі тиіс

Үкімет бала құқықтары туралы, Конвенция жайлы үлкенге де, кішіге де айтып, ақпаратты кеңінен таратуы қажет.






43-54-баптар: Конвенция ережелерінің жүзеге асырылуы

Бұл баптарда Үкіметтер, Біріккен Ұлттар Ұйымы (соның ішінде Бала құқықтары жөніндегі комитет пен ЮНИСЕФ) және басқа да ұйымдар бірлесе отырып, балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қандай әрекеттер жасауы қажет жайлы ақпарат түсіндіріледі.

Бұл құжат БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің қолдауымен дайындалды.

Бала құқықтары туралы конвенцияның
толық мәтінін БҰҰ Балалар қорының
(ЮНИСЕФ) сайтынан таба аласыздар:
www.unicef.org/kazakhstan

**Біздің әлеуметтік
желілерімізге жазылыңыздар:**

-  UNICEFKazakhstan
-  @unicefkaz
-  @unicefkazakhstan

**Отбасы, әйелдер мен балалардың
құқықтарын қорғау мәселелері бойынша
«111» байланыс орталығы**